

МУРАТБАЕВ NEWS

*1 қыркүйек -
Білім күні құтты болсын!*



**МЕКТЕПШІЛІК
ПРЕЗИДЕНТТІК
САЙЛАУ**

**“GM arnasy”
жобасы аясында
кино кастинг**

1 ҚЫРКҮЙЕК-БІЛІМ КҮНІ

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында "Мектебім-мейірім мекені" тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Салтанатты іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнімен басталды. Гимназия директоры Кайпулдаев Арыстанбек Қалыбекұлы сөз алып мерекелік іс-шараны ашып берді. Жиынға Жамбыл облысының цифрлы технологиялар басқармасының басшысы Нокрабеков Руслан Москаұлы мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндерді, мектеп оқушыларын, ұлағатты ұстаздарымызды құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. 1-11 сынып жетекшілері біріңғай сынып сағаттарын өтті. [#bilimkuni](https://www.instagram.com/bilimkuni)



МЕКТЕПШІЛІК ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӨТТІ.

2023 жылдың 15 қыркүйегі күні гимназиямызда оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып 5 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді.

Нәтижесінде мектебіміздің 10 сынып оқушысы Анарбаева Акзияш басым дауысқа ие болып, мектеп Президентіне сайланды. Құтты болсын дейміз!



БАЛАЛАР КІТАБЫ – ТӘРБИЕНІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы кітапханасында "Жаңа кітаптар" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: Оқырмандарды жаңа келген кітаптармен таныстыру, кітап оқуға деген қызуғышылығын, білімнің арттыру, кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Әдеби кітаптар мен оқулықтар -білім көзі, рухани қазына.



“ЭКО start” экологиялық конкурсы (2.10-13.10.2023) 5-7 сыныптар үшін



Номинациялары:

1. Үздік эко фото
2. Үздік эко ролик
3. Үздік эко сурет
3. Үздік эко қолөнер

Критерийлері:

1. Үздік эко фото
Сапасы, көркемдігі, актуальділігі
2. Үздік эко ролик
Ұзақтығы 3-5 минут, сапасы
3. Үздік эко сурет
Сурет салу техникасы
4. Үздік эко қолөнер
Тақырыптан ауытқымау, кәдеге жарауы

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ-ДОМБЫРА


Гимназия оқушылары Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің әртісі, халықаралық конкурстардың лауреаты, ақын сазгер Дидар Басықараевпен кездесті. Іс-шара барысында домбырашы жан дүниесіндегі ұлы даралық күй құдіретінің қыр-сыры мен тарихын баяндап көрермендерге күйден шашу шашты. Жиын барысында гимназия домбырашылары түрлі күй орындады. Шара соңында сазгер Дидар мырза жүрек жарды тілегін білдіріп, оқушылармен қосылып, Құрманғазының «Адай» күйімен кешті аяқтады.



«ҚОРШАҒАН ТАБИҒАТТЫ АЯЛА» АТТЫ ЭКО-КЕЗДЕСУ

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында «Қоршаған табиғатты аяла» тақырыбында эко-кездесу өтті. Экология орталығының Менеджер - эколог Алибекова Бекзат Алимбековна оқушылармен әңгіме жүргізіп, слайд көрсетілімін ұсынды.

Көкейде жүрген сұрақтарға жауап алып, гимназияның парламент мүшелерімен бірлесіп жұмыс жасау жайлы жоспар құрылды.



Ахмет - ұлт ұстазы.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай «Ахмет - ұлт ұстазы» атты диалог алаңы өтті. Шараның мақсаты — қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту, ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу. Оқушыларға ақынның шығармашылығынан сұрақтар қойылып, «Тарихи тұлғалар тағылымы» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.





ASK academy

Эксперимент алаңы аясында құрылған ASK академиясы мүшелері мен эксперимент алаңының мамандарының Астана HUB IT стартап технопаркінің Жамбыл облысындағы аймақтық менеджері Телеуова Салтанат ханыммен кездесуі өтті. Кездесуде академия жетекшісі Тұрсынбай Аян ASK сайтының мүмкіндіктерімен және жұмысымен таныстырды. Салтанат ханым жобаны алға қарай дамытудың жолдарына бағыт-бағдар берді.



«ҚЫЗ ЖІБЕК» ҚЫЗДАР КЛУБЫ

«Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу мақсатында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге 8-11 сынып қыздары қатысты. Байзақ аудандық ауруханасының дәрігері Қожахмет М.Р және психолог Ержанова А.М алғы сөз сөйлеп, қонақтармен таныстырып, оқушыларға қыз тәрбиесі туралы ақыл кеңес беріп, бейнеролик көрсетіп өтті. Қыздар мен кеш қонақтары бейнероликті талқылап, өз ойларымен бөлісті. Тәлімгер Р.Бибосынова «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды. Оқушылар ДТІЖО, ДҚТІЖО, психолог, медбикемен көкейлерінде жүрген сұрақтармен бөлісті. Дөңгелек үстел аясында оқушылар қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу туралы үйренді.



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Асан деген бай баласы, Үсен жарлы баласы – екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып, жылай бастады, Үсен ойланып тұрды да айтты:

– Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл та-уып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүр-леуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сүрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады:

– Енді қайсысына түсеміз, – деп, Үсен қарап жүріп, біреуіне түсті:

– Мынау сүрлеу, бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен – малдың жас тезегі бар, – деді.



Ы.Алтынсарин. «Бай мен жарлы баласы»